

ББК 65.9 (2к) 27
Ә 55

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан Стратегиялық зерттеулер институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы **Б. Қ. Сұлтанов**;
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы **К. Е. Байзақова**;
ҚР Бірінші Президенті Қорының жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының Халықаралық зерттеулер орталығының басшысы,
тарих ғылымдарының кандидаты **А. Қ. Нұрша**

Әліпбаев А. Р.

Ә 55 Дипломатиялық құжаттама: Оқу құралы. – Алматы:
Қазақ университеті, 2008. – 236 бет.
ISBN 9965-30-805-5

Оқу құралы халықаралық қатынастар жүйесіндегі дипломатиялық хат алмасу мен дипломатиялық қызметте пайдаланылатын құжаттардың мәні мен ролін қарастыруға, олардың құрылымын саралан, дипломатиялық құжаттарды дайындаудағы және ресімдеудегі тәжірибелік шеберлікті меңгеруге арналған.

Оқу құралы халықаралық қатынастар мамандығында оқитын студенттер үшін дайындалыды.

Ә 0605010000-129 048-08
460(05) - 09

ББК 65.9(2к)27

ISBN 9965-30-805-5

© Әліпбаев А. Р., 2009
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009

КІРІСПЕ

Назарға ұсынылып отырған оқу құралы дипломатиялық және консулдық қызмет саласында дайындалатын дипломатиялық құжаттарды ресімдеу үлгісін жан-жақты қарастырады.

“Дипломатиялық құжаттама” пәні “050202 – халықаралық қатынастар” мамандығының типтік оқу жоспарының Мемлекеттік стандартына сәйкес осы мамандықта оқитын студенттер үшін арнайы негізгі пән болып табылады. Сол негізде оқу құралында дипломатиялық құжаттамаға жан-жақты сараптама жасау мақсаты қойылған. Дипломатиялық құжаттарды жазу барысында қолданылатын дипломатиялық тілге, оның ерекшеліктеріне сараптама жасау барысында дипломатияға тән өзіндік тіл мәнері айқындалады. Студенттерді дипломатиялық қатынас хаттарымен, жалпы дипломатиялық құжаттармен таныстырады.

Оқу құралының негізгі мақсаты:

- дипломатиялық құжаттама жүйесі жөнінде түсініктеме беру;
 - студенттерді негізгі дипломатиялық қағидаларға сай тәрбиелеу;
 - дипломатиялық құжаттарды ресімдеуге және қатынас хаттарымен іс жүргізуге дайындау, соның негізінде студенттерге дипломатиялық қызметтегі кәсіби қызметкерлердің маңызды құралы болып табылатын дипломатиялық құжаттарды дайындаудағы және ресімдеудегі тәжірибелік шеберлікті меңгеруге көмектесу;
 - болашақ мамандардың коммуникативті құзыреттілік деңгейін көтеру;
 - әртүрлі халықаралық құжаттарды, олардың мәнерлік және тілдік ерекшеліктерін біліктілік тұрғысынан сараптай білуге үйрету.
- Осы мақсаттарға жету үшін оқу құралы шеңберінде келесі міндеттер жүзеге асырылады:
- студенттерді дипломатиялық құжаттар және қатынас хаттарының нұсқаларымен және түрлерімен таныстыру;
 - дипломатиялық тәжірибедегі дипломатиялық құжаттардың қызметі мен ролін көрсету;
 - дипломатиялық құжаттардың құрылымымен таныстыру;
 - халықаралық құжаттарды жазуды және ресімдеуді негізгі ережелерге сай үйрету, деректемелерді (реквизиттерді) ресімдеу ерекшеліктерімен таныстыру;
 - дипломатиялық құжаттаманы ресімдеуге және жазуға қойылатын талаптар мен өзіндік ахуалға сәйкес студенттерде дипломатиялық құжаттарды құрастыру дағдысын қалыптастыру;
 - дипломатиялық тіл этикетіне студенттердің назарын аудару;
 - студенттердің тілдік қорын кәсіптік тілмен байыту;
 - халықаралық құжаттарға қойылатын негізгі арнайытілдік талаптармен таныстыру;
 - дипломатиялық құжаттарды жазу барысында студенттердің дипломатиялық терминологияны пайдалана білу дағдысына үйрету;
 - икемділік қабілетін жетілдіру, араласудың өзіндік мәнері мен әдісін